

Қазақстан Республикасының Қаржы Қызметін экономикалық талдау үшін деректеме құрастырудың халықаралық жүйесіне көшу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 шілде 1994 ж. N 786. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының қаржы қызметін экономикалық талдаудың халықаралық жүйесіне көшу жөніндегі "Стэнд Бай" бағдарламасының шарттарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халықаралық валюта қорының ұсыныс, кеңестері ескеріліп даярланған мемлекеттік бюджеттің жаңа жіктемесінің негізгі шарттары мен талаптарының схемасы қосымшаға сәйкес мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- жүзеге асырылатын қаржы операцияларының қызметтік-адрестік бағдарлылығына сәйкес екі әдіспен мемлекеттік бюджеттің жаңа жіктемесінің негізгі шарттары мен талаптарының схемасы негізінде 1994 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде мемлекеттік басқару органдарының қаржылық қызметін көрсететін жаңа бюджеттік жіктеме жасап, бекітсін:

- жүзеге асырылатын қаржы операцияларының тұрақты мекен-жайына сәйкес ;

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің келісімі бойынша, жаңа бюджеттік жіктеме негізінде 1995 жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде бюджет мекемелеріндегі бухгалтерлік есеп бойынша жаңа есептеу Жоспары әзірленіп, нормативтік актілер мен әдістемелік құжаттар осыған сәйкестендірілсін;

жаңа бюджеттік жіктеме енгізуге байланысты құжаттарды бюджеттік мекемелерге жеткізу ұйымдастырылсын, 1995 жылдың аяғына дейін жаңа нысандағы бланктер әзірлеуге тапсырыстар жасалсын;

1996 жылдың 1 қаңтарынан бюджеттің атқарылуын жоспарлау және есебін жүргізу халықаралық талаптарға сай келетін бюджеттік жіктеме бойынша жүзеге асырылсын .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы қазынашылық органдарына осы қызмет міндеттері берілгенге дейін, бюджетті атқарып жүзеге асырушы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне бюджетті атқаруға байланысты ақпараттарды машинамен өңдеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

Ұ с ы н ы л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне және Халықаралық валюта қорына тоқсан сайын, тоқсанның соңғы айының 15-інен кешіктірмей осы қаулыны іс жүзіне асыру барысы жайлы қор белгілеген мерзімде ақпарат беріп отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 13 шілдедегі
N 786 қаулысына

Қосымша

Мемлекеттік бюджеттің жаңа жіктемесінің
негізгі шарттары мен талаптарының

СХЕМАСЫ

Жаңа бюджеттік жіктемені жасауда мынадай негізгі дәйекті айқындамалар сақталынып, жүзеге асырылсын:

1. Негізгі агрегирлық көрсеткіштер мына төмендегі құрамдар бойынша айқындалсын,

олар:

табыстар;

алынған трансферттер;

шығыстар;

несиенің өтелуі;

қаржыландыру.

2. Салықтар салық салынатын объектінің түрі бойынша былайша жіктелсін: табыс, жалақы, сату және тауар айналымы, мүліктің таза құны, халықаралық операциялар және басқармалары;

салықтық емес ағымдағы түсімдер /меншік табысы, сатудан, айыппұлдан, жылудан алынатын түсімдер, бұған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлерінен және басқа мемлекеттердің үкіметтерінен немесе халықаралық ұйымдардан алынатын тегін трансферттер қосылмайды/.

3. Алынған табыстар мынадай мақсаттар бойынша жіктелсін:

ағымдағы операцияларға;

капиталмен жасалатын операцияларға.

4. Шығыстар экономикалық санаты және қызметтік мақсаты бойынша жіктелсін.

5. Қайтарылатын немесе қайтарылмайтындығына қарамастан шығыстардың

экономикалық жіктелуі ағымдық және күрделі болып бөлінсін. Өтелетін шығыстар ақы орнына алынған тауарлар мен қызметтердің түрлері бойынша топталады /жұмысшылар мен қызметшілердің еңбекақысы, тауарлар алу мен қызметтер көрсету, проценттер төлеу/. Қайтарылатын шығыстар оларды алушылардың түрі бойынша топталады /мемлекеттік басқарудың өзге деңгейлері, кәсіпорындар, резидент еместер/. Шығыстар мен несиенің өтеліп отыруы, сондай-ақ қызметтік мақсаты бойынша да жіктеледі.

6. Қызметтік-міндеттік жіктемеге мемлекеттік басқару органдарының қызметтің әр түрін дамытуға және мемлекет алдында тұрған міндеттерді орындауға бөлетін /материалдық өндіріс саласы, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, халықты әлеуметтік қорғау, құқық тәртібін қорғау, қорғаныс және басқалары/ шығыстардың көлемін есептеу үшін алынатын шығыс енгізілсін.

7. Мемлекеттік басқару секторының қызмет міндеттерін мына топтарға бөлу к ө з д е л с і н :

коммуналдық және әлеуметтік қызметтер /білімге, әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыруға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа байланысты қызметтер, мәдени шаралар/;

халық шаруашылығы өндірістік салаларының экономикалық қызметіне байланысты мемлекеттік қызметтер. Бұл топқа осы аталған салалардың экономикалық қызметін реттеуге және қолдауға бөлінетін мемлекеттік шығыстар к і р е д і ;

жалпы мақсаттағы мемлекеттік қызметтер /қорғаныс және қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қолдау/;

өзге қызметтер. Бұл топ мемлекеттік борыштың проценттерін төлеу және төлем кепілдігін беруге байланысты шығыстарды, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың өзге органдарына берілетін жалпы мақсаттағы трансферттерді қ а м т и д ы .

8. Бюджет тапшылығын қаржыландыру және мемлекеттік борыш - пайдаланылатын борыштық міндеттемелер түрі /бағалы қағаздар, қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді қарыз алу, депозиттердің көлемін өзгерту және басқалары/ бойынша, сондай-ақ қалпына келтіруге берілген сыртқы заемдар бойынша шарттарды орындауды қоса алғанда несие берушінің түрі /ақша-несиені реттеу органдары, ақша-депозит банктері, банктен тыс қаржы мекемелері және қаржылық емес сектор/ бойынша жіктеледі.